

Отчет

о проведенных консультациях на тему «Экстерьерные особенности адайских лошадей» по направлению «коневодство»

Даты проведения:

с «21» сентября по «22» сентября 2024 года

Место проведения консультации:

(Мангыстауская область, Мангыстауский район, КХ «Марлен», с. Онды)

Проректор по науке

Исполнительный директор



Шәмшідін Ә.С.

Галимуллина М.Р.

Отчет по консультации

1 Мыңдаған жылдар бұрын қазіргі Қазақстан территориясында көшпенді халықтар арасында қазіргі қазақы жылқыға ұқсайтын жылқылар болған. Сол кезде де жылқыларды мініспен қатар, ет-сүт бағытында да қолға ұстаған. Оларды ашық далада жайылымда күтіп баққан, сауда саттық керуендер мен әскери жорықтар арқылы Қазақстанға басқа жақтан міністі жылқы тұқымдары да келе бастады. Бірақ сырттан келген жылқылар қазақ даласына шыдамай өліп жатты. Тек қана Қазақстанның оңтүстік-батыс жағында, қысы біршама жылылау болғандықтан, ортаазиялық тұқымдар қалыптаса бастады. Соның бірі қазіргі адай жылқысы.

2. Адай жылқысы дене бітіміне қарай міністі типке және құрғақ конституциялы келеді. Осы сұрақты тағы да кісі сұраған болатын, сондықтан сізге айтып берейін. Біз Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы техникалық университеттің ғылыми қызметкерлері адай жылқысын өсіретін шаруашылықтарды зерттеп, олардың экстерьер белгілеріне баға бердік.

Зерттеу барысында 300 бас адай жылқыларының экстерьер белгілері бойынша бағалау жүргізіліп, сипаттама берілді. Зерттеу барысында адай жылқыларының бас мөлшері кішкене және орташа келетінін байқалды, сонымен бірге бас профилі көбінесе тура, аракідік ішке кіріңкі, мойын ұзындығы орташа және жіңішке, мойынның шығуы орташа және аракідік жоғары келеді, шоқтығының биіктігі төмен, арқасы кең, ұзын емес орташа, белі қысқа, сауырының еңістігі орташа, пішіні көбінесе домалақ, аракідік түсіңкі келеді, бірақ кейбіреуінде сауыры биік, жақсы жетілгені бар. Кеудесінің тереңдігі көбісінде терең емес және орташа. Терең кеуделі жылқылардың жалпы тұрқы жұмыр, шаршы көлемді болып келеді. Тұяқтары кішкене, әрі жұмыр.

3. Зерттеуші А.Иманғалиевтың деректері бойынша адай жылқыларының төлдері постэмбриональды кезеңде жалпақ сүйектері жедел өседі, мұның өзі адай жылқылары жасына қарай дене бітімі тез өзгеретінін айтады. Ересек жылқыларының дене бітімі кең денелі, бірақ бойы тапал келеді. Төлдері үш жасқа келгенде ата-енесінің дене өлшемдерінің 93,2-98,7%-ын құрайды.

Тірілей салмақтары тек қана дене бітімін сипаттамайды, сонымен қатар, ет өнімділігінің тікелей көрсеткіштерін білдіреді. Өмірінің бірінші айында тірілей салмағы екі есеге көбейеді. Туғаннан бастап 12 айлыққа дейін төлдерінің жақсы жетілетініне қарап, енелерінің сүтті келетінін көруге болады.

4. Уақытында адай жылқысын зерттеген ғалымдар Я.Я.Полферов, И.И.Чашкин, А.В.Мишаревтің деректерінде адай жылқысының экстерьері басқа қазақы жылқыларға қарағанда міністі пішінді келетінін айтады. Мұны көрші орналасқан түркпен жылқыларымен араласқанын айтады. Дене бітімі өте құрғақ, конституциясы мықты, сүйектілігі тым аздау екенін жазып кеткен. Бес жасар айғырларының дене өлшемдері: шоқтық биіктігі – 142,8 см; тұрқының қиғаш ұзындығы – 145,0 см; кеуде орамы – 166,1 см, жіліншік

орамы – 18,8 см – ді құраса, биелерінде осы көрсеткіштер: 139,2 – 142,5 – 166,1 – 17,9 см құраған.

Дене бітімін индекстері бойынша сипаттағанда якут, моңғол, алтай жылқыларына қарағанда кішкентай екенін көрсеткен.



Суретте Маңғыстау облысы «Марлен» ШҚ басшысы Бикенбаев Манап.